

Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған үлгілік шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 623 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 3 қазанда № 14276 болып тіркелді.

"Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-26) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған үлгілік шарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған үлгілік шарты 20__ жылғы " __ " _____ № ____

_____ (мемлекеттік органның атауы),
бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталып, _____

__ түрінде,
(лауазымы, аты, тегі, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

_____ негізінде
әрекет ететін,
(күзіретін растаушы құжаттың атауы)
бір тараптан, және _____

_____ (әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалының толық атауы)
бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын, _____

__ түрінде,
(лауазымы, аты, тегі, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

_____ негізінде
әрекет ететін,
(күзіретін растаушы құжаттың атауы)
бұдан әрі "Тараптар" деп аталып, шығыстары республикалық бюджеттен ұзақ мерзімді субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар

бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурстың қорытындылары туралы 20_ жылғы "___" _____ хаттаманың негізінде төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Терминдер және анықтамалар

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Шартта келесідей негізгі ұғымдар және анықтамалар қоданылады:

1) бағаны (тарифті) жоғарылатудың негізгі талаптары - осы шарттың 5 - қосымшасына сәйкес бекітілген оның ажырағысыз бөлімі болып саналатын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалы бойынша қызметіне баға (тариф) жоғарылауының шекті деңгейін қамтамасыз етудің негізгі талаптары;

1-2) вагон айналымының төмендетілмейтін айлық көлемі – вагон айналымының жылдық көлемін пойыздардың немесе тіркеме және тікелей қатынайтын вагондардың жыл ішіндегі қатынау айларының санына бөлу арқылы алынған орташа айлық көрсеткіштің елу пайызын құрайтын вагонның бір айдағы ең төменгі жүрісінің есептік шамасы;

2) дамудың негізгі талаптары - осы шарттың 2-қосымшасына сәйкес бекітілген оның ажырағысыз бөлімі болып саналатын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды дамытудың негізгі талаптары;

3) жолаушылар айналымын қамтамасыз етудің негізгі талаптары - осы шарттың 6 - қосымшасына сәйкес бекітілген оның ажырағысыз бөлімі болып саналатын тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондардың есепке ала отырып әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар айналымының жоспарланған көлемін қамтамасыз етудің негізгі талаптары;

4) жолаушылар вагондарына негізгі талаптар - осы шарттың 3 - қосымшасына сәйкес бекітілген оның ажырағысыз бөлімі болып саналатын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыру үшін жолаушылар вагондарына (электро-, дизель вагондарына) негізгі талаптар;

5) жолаушылар поездарын қалыптастыру пункті – осы поездға қызмет көрсететін поезд құрамын және поездық бригада (поезд басшысы, поездың электромеханигі вагон жолсерігі) қалыптастыратын жүріс маршрутына жолаушылар поездарын жіберу станциясы;

6) жолаушылар поездының айналу пункты – жолаушылар поездының жүріс маршрутының соңғы станциясы;

7) локомотивтік тартқыш операторы – меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тартқыш көлік құралына (локомотивке) иелік ететін, оны күтіп-ұстауды, пайдалануды қамтамасыз ететін тұлға;

8) отырғызу және түсіруді қамтамасыз етудің негізгі талаптары - осы шарттың 6 - қосымшасына сәйкес бекітілген оның ажырағысыз бөлімі болып саналатын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыру кезінде станцияларда жолаушыларды отырғызу және түсіруді қамтамасыз етудің негізгі талаптары;

9) тасымалдаудың негізгі талаптары – осы шарттың 1-қосымшасына сәйкес бекітілген оның ажырағысыз бөлімі болып саналатын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырудың негізгі талаптары;

10) уәкілетті орган – теміржол көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) ұзақ мерзімді субсидиялаудың негізгі талаптары - осы шарттың 4 - қосымшасына сәйкес бекітілген оның ажырағысыз бөлімі болып саналатын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын ұзақ мерзімді субсидиялаудың негізгі талаптары;

12) Ұлттық жолаушылар тасымалдаушы – жолаушыларды, багажды, жүк-багажын, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, бүкіл магистральдық теміржол желісінде поездарды қалыптастыру жоспарын іске асыруды, оның ішінде арнайы және әскери тасымалдаулар бойынша қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

13) Ұлттық инфрақұрылым операторы – акцияларының бақылау пакеті Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі, магистральдық теміржол желісін пайдалануды, күтіп-ұстауды, жаңғыртуды, салуды жүзеге асыратын және магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсететін заңды тұлға.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Шарттың мәні

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Орындаушы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол көлігімен жолаушылар тасымалын:

- 1) тасымалдаудың негізгі талаптарын;
- 2) дамудың негізгі талаптарын;

- 3) жолаушылар вагондарына негізгі талаптарын;
- 4) бағаны (таррифті) жоғарылатудың негізгі талаптарын;
- 5) жолаушылар айналамын қамтамасыз етудің негізгі талаптарын;

6) отырғызу және түсіруді қамтамасыз етудің негізгі талаптарын орындаумен жүзеге асырады.

3. Тапсырыс беруші Орындаушының әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруына байланысты шығыстарын (бұдан әрі – Субсидиялау) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 167 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11541 болып тіркелген) Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес есептелген және субсидиялаудың негізгі шарттарын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасы Заңының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астана мәслихаты шешімінің атауы) бойынша (республикалық немесе _бюджеттік бағдарламасында көзделген сома шегінде жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Тапсырыс беруші:

1) аудио-бейне тіркеу құралдарын пайдалана отырып, сәйкестігіне тасымалдаудың негізгі талаптарында көрсетілген пойыздарды зерттеп-қарауды жүргізу, осы Шартқа және Қазақстан Республикасының "Халыққа қызмет көрсету. Жолаушылар пойыздарында жолаушыларды қызмет көрсету" атты Ұлттық стандартына (бұдан әрі – Ұлттық стандарт) сәйкестігін анықтау және осы Шартқа 8-қосымшаға сәйкес шаралар қабылдауға;

2) Орындаушының тасымалдаудың негізгі шарттары мен Ұлттық стандартты сақтауы тұрғысынан оның мекенжайына, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде орналастырылған шағымдарға мониторинг жүргізуге;

3) Орындаушыдан оның атына келіп түскен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде орналастырылған шағымдар бойынша Орындаушының тасымалдаудың негізгі шарттары мен Ұлттық стандартты сақтауы тұрғысынан шаралар қабылдауды талап етуге;

4) осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға, егер:

Орындаушы күнтізбелік 30 күн өткеннен кейін дамудың негізгі шарттарын, бағаларды (тарифтерді) көтерудің негізгі шарттарын және тасымалдаудың негізгі шарттарын орындамауы;

жыл ішінде жүргізілген зерттеп-қарау қорытындылары бойынша Ұлттық стандартқа 30 және одан да көп сәйкессіздіктер қайта анықталған жағдайда құқылы.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Тапсырыс беруші:

Әдістемеге сәйкес жоспарланған кезеңге ұзақ мерзімді субсидиялаудың негізгі шарттарында көрсетілген әлеуметтік маңызы бар хабарламалар бойынша субсидиялау көлемін айқындау;

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 166 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11540 болып тіркелген) Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Ұзақ мерзімді субсидиялау қағидалары) және осы Шартқа сәйкес тәртіппен және мерзімде субсидиялауды жүзеге асыруға міндетті.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Орындаушы:

1) Тапсырыс берушіден осы Шартпен көзделген субсидияны төлеуді талап етуге;

2) ұзақ мерзімді субсидиялау бойынша Тапсырыс берушінің міндеттерін орындау шеңберінде аударылған субсидия көлемі туралы ақпарат алуға;

3) Тапсырыс берушімен келісу бойынша осы Шарттың баға (тариф) көтерудің негізгі шарттарында белгіленген шектерде әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдау қызметтері тарифтерін (бағаларын) көтеруге;

4) тасымалдардың негізгі талаптарында көрсетілген пойыздарға билет кассалары, жолаушылар агенттіктерінің билет кассалары және электрондық терминалдар, интернет-ресурстар арқылы және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 23 қыркүйектегі № 742 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында теміржол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыру қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8853 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен басқа да тәсілдермен жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыруға;

5) осы Шартты орындау шеңберінде әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша қатынайтын тасымалдардың негізгі талаптарында көрсетілген жолаушылар ағынына тәуелді пойыздардың құрамдылығын анықтауға;

6) егер сапалық сипаттамалары (ауаны баптау жүйесінің, отырғызуға және түсіруге арналған көтергіш құрылғылардың және мүгедектер арбасында қозғалатын адамдар үшін мамандандырылған орындардың болуы) төмен болмаса және вагондардың шығарылған жылы осы Шарттың 3-қосымшасына сәйкес жолаушылар вагондарына қойылатын қолданыстағы негізгі талаптарында көрсетілген вагондардан бұрын шығарылмаған жағдайда, жолаушылар вагондарына қойылатын негізгі талаптарда көрсетілген вагондарды ауыстыруға құқылы;

7) ағымдағы қаржы жылының субсидия қаражаттарын алдыңғы қаржы жылдарындағы кредиторлық берешекті өтеуге, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыруға байланысты шығыстар бөлігінде аванстық төлемдерді төлеуге және алдағы қаржы жылына кепілдік қамтамасыз етуді ұсынуға жіберуге құқылы.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Орындаушы:

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығымен бекітілген Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13714 болып тіркелген) және Ұлттық стандартына сәйкес осы Шарттың талаптарын сапалы және уақтылы қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға;

2) Тапсырыс берушімен жолаушылар пойызының қалыптастыру пунктін және айналымының өзгертуін, қозғалыс кестесі мен кестелерін олар қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде 10 жұмыс күні бұрын келісуге;

3) Қазақстан Республикасында қабылданған пойыздар қозғалысының кестесіне сәйкес жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыруға;

4) тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша он күндік мерзімде Орындаушының қаржылық-шаруашылық қызметіне қатысты ақпарат пен есептілікті ұсынуға;

5) осы Шарттың 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Тапсырыс берушінің талаптары бойынша:

шағымда көрсетілген әрбір факті бойынша (шағымның түсу көзіне қарамастан) толық және объективті қызметтік тергеу жүргізу;

жауапты тұлғалардың мән-жайларын, себептерін және кінәсінің дәрежесін анықтау үшін шағымда айтылған анықталған сәйкессіздікті немесе бұзушылықты дереу жою;

іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі негізделген шағымға әкелген Орындаушының қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану;

жолаушымен жағдайды реттеу, егер ол қолданылса және негізделсе, өтемақы ұсынуды қоса алғанда шаралар қабылдау;

өтініш берушіге шағымды белгіленген мерзімде (азаматтардың өтініштері туралы заңнамаға сәйкес) жауап (түсіндірме) дайындау және жолдауды қамтамасыз ету;

Тапсырыс берушіге күнтізбелік 10 күн ішінде жүргізілген зерттеп-қарау нәтижелерін, бұзушылықты жою бойынша нақты қабылданған шараларды (расталған жағдайда), тәртіптік жаза актілерінің көшірмелерін (расталған жағдайда) қамтитын егжей-тегжейлі жазбаша есепті ұсыну;

6) Тапсырыс берушіге Шарт жасалған сәттен бастап күнтізбелік 60 күн ішінде Инфрақұрылымның ұлттық операторымен, локомотив тартуының операторымен жасалған шарттардың, анықтамалық-ақпараттық қызметтер көрсетуге және теміржол возалдарының алаңдарын ұсынуға арналған шарттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсыну;

7) анықталған бұзушылықтарды жою және оларға бұдан әрі Тапсырыс беруші оған зерттеп-қарау актілерін ұсынған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға;

8) тасымалдаудың негізгі жағдайларында көрсетілген пойыздарда Тапсырыс берушінің талабы бойынша жолаушыларға көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау мақсатында ақпараттық хабарландырулар орналастыру;

9) Әдістемеге сәйкес айқындалған тарифтер негізінде әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жүретін басқа тасымалдаушылардың субсидияланатын вагондарының тіркемесін жүзеге асыру;

10) деректемелері осы Шартта көрсетілетін Орындаушының нысаналы шотынан (бұдан әрі – Бірыңғай шот) төлемнің мақсаты, төлеу кезеңі мен негізі (шарт болған кезде) көрсетіле отырып, әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі шығыстарды төлеу;

11) тапсырыс беруші Орындаушының Бірыңғай шотында әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыруға жатпайтын шығындарды қаржыландыру фактілерін анықтаған жағдайда, Ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларының 15-тармағында көрсетілгендей, бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде субсидияларды бұзушылық сомасына тең мөлшерде қайтаруды қамтамасыз ету;

12) Ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларының 26 және 27-тармақтарында көрсетілген субсидияларды аударудан және шығыстарды төлеуден басқа, Орындаушының басқа міндеттемелері бойынша өзара есеп айырысу үшін Бірыңғай шотты пайдалануға жол бермеу;

13) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыруға қатысты барлық төтенше, қалыптан тыс оқиғалар мен инциденттер туралы Тапсырыс берушіні негізгі тасымалдау шарттарында көрсетілгендей, анықталған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде жазбаша түрде (электрондық байланыс арналары арқылы міндетті түрде көшірмесін жолдау арқылы) дереу хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Өзара есеп айырысу тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Тапсырыс беруші төлемдер бойынша бекітілген қаржыландыру жоспары негізінде осы Шарт күшіне енген сәттен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде және кейіннен есепті кезеңнің бірінші айында субсидиялаудың негізгі шарттарына сәйкес субсидиялаудың жылдық сомасының 25% мөлшерде аванстық төлем жүргізеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Орындаушы ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 25-і күніне дейінгі мерзімде Тапсырыс берушіге ұйымның басшысы, бас бухгалтері және мөрімен куәландырылған мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынас бойынша жолаушыларды тасымалдау туралы ай сайынғы есеп, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнің басынан бастап жинақталған түрде әлеуметтік маңызы бар қатынас бойынша жолаушыларды тасымалдау туралы есеп;

2) Ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орындалған жұмыстардың актісі;

3) әлеуметтік маңызы бар қатынас бойынша қатынайтын пойыздар, тіркемелі және тікелей қатынайтын вагондар бойынша вагондардың түрлері және вагон айналымы көлемінің орындалуын растайтын Ұлттық инфрақұрылым операторының құжаты;

4) Ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияланатын маршруттардың тізілімі;

5) жол жүру құжаттарын (билеттерді) жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйесінен тыс сатқан жағдайда тасымалдаушыға жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату қызметін көрсететін ұйымның әлеуметтік маңызы бар

қатынас бойынша пойыздарда, тіркемелі және тікелей қатынайтын вагондарда орындалған тасымал көлемдерін, тасымалданған жолаушылар саны, жолаушылар айналымы және вагондардың толымдылығы туралы мәліметтерді растайтын құжаты;

б) Ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларына сәйкес субсидия төлеу жүзеге асырылатын Орындаушының Бірыңғай шотынан есепті кезең үшін банктік үзінді көшірме.

Орындаушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларына сәйкес тәртіппен және нысанда ұсынады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардағы ақпараттың дұрыстығына орындаушы жауапты болады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының теміржолдары учаскелері және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржолдары учаскелері бойынша өтетін ауданаралық (қаларалық, облысшілік) және қала маңындағы қатынастар бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, жергілікті атқарушы органдары тасымалдарды ұйымдастырған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы теміржол көлігі кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімнің 9-5-бабына сәйкес бекітілген Теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау қағидаларында айқындалған құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 4-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2017 № 793 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Орындаушы Тапсырыс берушіге есептік айдан кейінгі айдың 15 күніне дейінгі мерзімде дамудың негізгі талаптарын орындау барысы туралы онда көрсетілген орындау мерзімдерін ескере отырып растайтын құжаттардың қосымшасымен бірге есепті.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 12.03.2025 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Осы Шарттың 9 және 10-тармақтарына сәйкес ұсынылған құжаттармен келіспеген жағдайда екі тарап күнтізбелік 30 күннен кем емес мерзімде мағлұматтарды айқындау өткізеді.

12. Субсидияларды кейіннен төлеуді Тапсырыс беруші жүзеге асырылған және расталған тасымалдар бойынша төлемдер жөніндегі қаржыландыру жоспарына сәйкес ай сайын жүзеге асырады. Төленген аванстық төлемді ұстап қалу Орындаушының келісімі бойынша жыл ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 12.03.2025 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Желтоқсан айына ақы төлеу әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жоспарланған жолаушылар тасымалы негізінде жасалған Орындаушының есебі негізінде жүзеге асырылады. Орындаушы желтоқсан айындағы нақты есепті кезеңнен кейінгі 25-і күнге дейінгі мерзімде ұсынады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын Тапсырыс беруші бекітеді және осы Шартқа қол қоюмен бір мезгілде Орындаушымен келісіледі. Талаптардың келісімі бойынша төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Заңнамамен белгіленген тәртіппен әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол тасымалын ұзақ мерзімді субсидиялау шеңберінде бөлінетін бюджеттік қаражаттар көлемінің қысқаруы немесе көбеюі жағдайында, тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа 1-7-қосымшаларда көрсетілген Шарттардың негізгі шарттарына тиісті өзгерістер енгізіледі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Форс-мажор жағдайлары

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Егер, өзінің міндеттерін орындамау форс-мажорлық міндеттердің салдарынан болса, Тараптар Шарт бойынша өзінің міндеттерін дұрыс орындамағандығы немесе орындамағандығы үшін жауапкершіліктен босатылады. Сонымен қоса, сипаты, әрекет ету аралығы, форс-мажорлық жағдайдың болуы уәкілетті мемлекеттік органдардың сай келетін құжатымен расталуы қажет.

17. Форс-мажорлық жағдайлар Шарт бойынша Тарапатардың әрбірі өз міндеттерін толығымен немесе бірен-сарандап орындау мүмкін болмаған жағдайлар (су тасқыны, жел сілкінісі, атылыстар, дауылдар, эпидемия, эпизотия, өрт апаты, ереуілдер, соғыс, көтеріліс, мемлекеттік органдардың ресми актісін қоса ала отырып, бірақ шектелмей) болып саналады.

Шарт бойынша өз міндеттерін орындау мүмкін болмаған Тарап уақытылы орын алған уақыттан бастап 10 жұмыс күні ішінде келесі Тарапты осындай жағдаймен хабардар ету қажет.

18. Уақытылы хабардар етпеген жағдайда Тарап келесі Тарапқа уақытылы хабардар етпегендігі немесе хабардар етпегендігі үшін келтірілен залалдың орнын толтыру қажет.

19. Форс-мажорлық жағдайлар пайда болған жағдайда, әр Тарап күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімде ол туралы басқа Тарапты күнтізбелік 3 күннен кем емес мерзімде хабардар етуі тиіс.

20. Форс-мажорлық жағдайлар күшінде болса және күнтізбелік 30 күн ішінде тоқтамаған жағдайда, Тараптар Шарт бойынша өздерінің одан әрі іс-әрекеттерін жазбаша келіседі.

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.11.2019 № 825 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Осы Шарттағы Тараптардың әрқайсысы осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

22. Осы Шарт бойынша өз міндеттерін бұзған Тарап 3 күнтізбелік күннен кем емес мерзімде басқа Тарапты хабардар етуге және бұзушылықты жою үшін оған тәуелдінің барын орындауға міндеттеледі. Өз міндеттерінің бұзылғандығын жоймаған жағдайда кәналі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Шартқа сәйкес жауапкершілікке тартылады.

23. Тапсырыс беруші осы Шарттың ажырағысыз бөлімі болып саналатын 8-қосымшасында бекітілген жағдайда және көлемдерде, Шарт бойынша міндеттерін Орындаушымен дұрыс орындамағандығы үшін Тапсырыс берушімен ұстауға жататан тұрақсыздық айыппұлы түріндегі қаржылық қаражатты ұстайды.

24. Форс-мажорлық жағдайларды қоспағанда, егер Орындаушы Шартта көзделген мерзімдерде қызметтерді ұсына алмаса, сондай-ақ осы Шарттың 15-тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа, Орындаушының бастамасы бойынша Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарт бағасынан тиісті бағыт шартының жалпы сомасынан 20% мөлшеріндегі соманы тұрақсыздық айыбы ретінде шегереді.

25. Тапсырыс беруші осы Шарттың ажырағысыз бөлімі болып саналатын 8-қосымшасында бекітілген жағдайда және көлемдерде, Шарт бойынша міндеттерін дұрыс орындамағандығы үшін Тапсырыс берушіге төленген субсидия көлемін қайтаруды жүзеге асырады.

26. Шарт бойынша міндеттерін дұрыс орындамағандығы үшін төленген субсидия көлемін қайтару осы Шарттың 8-қосымшасына сәйкес 3 ай ішінде немесе Тапсырыс берушінің келісімі бойынша 6 айдан артық емес мерзімде орындалады.

6-1-тарау. Осы Шартқа және Ұлттық стандартқа сәйкестік мәніне зерттеп-қарау жүргізу

Ескерту. 6-1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Үлгілік ереже 6-1-тараумен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2017 № 793 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26-1. Тапсырыс беруші Орындаушыны Шарттың 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тасымалдаудың негізгі талаптарында көрсетілген поездарды зерттеп-қарауды жүргізу туралы кемінде 3 жұмыс күні бұрын хабардар етеді.

26-2. Шарттың 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тасымалдардың негізгі талаптарында көрсетілген поездарды зерттеп-қарауды жүргізу үшін Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады. Комиссия құрамын Тапсырыс берушінің бірінші басшысы не ол болмаған жағдайда оның міндеттерін атқаратын адам бекітеді.

26-3. Зерттеп-қарауды комиссия мүшелері әлеуметтік маңызы бар қатынастар және Ұлттық стандарт бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыру үшін жолаушылар вагондарына негізгі талаптардың, жолаушылар тасымалдарын дамытудың негізгі шарттарының, негізгі шарттардың орындалуын айқындау жолымен осы Шартқа сәйкестігіне (бұдан әрі – зерттеп-қарау) жүргізеді.

Ескерту. 26-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 04.05.2026 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26-4. Орындаушы осы зерттеп-қарауды ұйымдастыру, атап айтқанда, қажетті құжаттамаларды дайындау, зерттеп-қарауға қатысу, қажет болған кезде зерттеп-қарау кестесін келісу үшін қажетті шараларды қабылдайды.

26-5. Жолаушылар поезын зерттеп-қараудың мерзімділігі жарты жылда кемінде екі рет жүзеге асырылады.

26-6. Зерттеп-қарау жолаушылар поездарының барлық құрамы бойынша қалыптастыру/айналым пункттерінде, станцияларда және жүру жолында жүргізіледі. Зерттеп-қаралатын жолаушылар поездары құрамдарының саны Тапсырыс беруші зерттеп-қарауды жүргізу мерзімдерін ескере отырып дербес айқындайды.

